

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне өтеусіз көмек беруі туралы хат алмасу нысанындағы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 21 қараша N 1232

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз көмек беру туралы хат алмасу нысанындағы келісімге қол қойылсын.

2. Қазақстан-қытай үкіметаралық комиссиясының қазақстандық бөлігінің тең төрағасы міндетін атқарушы Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі Ғалым Избасарұлы Оразбақовқа Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне өтеусіз көмек беруі туралы хат алмасу нысанындағы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі